



21 қыркүйек, сейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

**2** «Айбын» шарболаттай шындайды

**3** Халқына теңдік сұраған

РУХАНИ  
ЖАҒЫРУ

**4** Қасиетті қарашаңырақ



## ● ПРЕЗИДЕНТ Кешенді жоспар бекітілді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Әлимановты қабылдады.

Президентке Агенттіктің «көлеңкелі» экономикаға қарсы іс-қимыл бойынша атқарған жұмыстарының қорытындылары туралы мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа биылғы 8 айда 1508 экономикалық күдік бұзушылық анықталғаны, оның 803-і ауыр және аса ауыр қылмыстар санатына жататыны жөнінде баяндалды. 36 ұйымдасқан қылмыстық топтың әрекеттеріне тосқауыл қойылған. Алкоголь өнімдерін шығаратын 26 жасарын цех пен 224 заңсыз ойынхана жабылған.

Агенттік төрағасының айтуынша, соңғы 4 жылда «көлеңкелі» экономика 29 пайыздан 20 пайызға дейін төмендеген.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың алдағы 3 жылға арналған кешенді жоспарын бекітті.

Жанат Әлиманов әлеуметтік маңызы бар бағыттар бойынша да жұмыстар жалғасып жатқанын айтты. Атап айтқанда, азық-түлік бағаларының көтерілуімен қамтамасыз етуге тиіс тұрақтандыру қорларын құру үшін бөлінген бюджет қаражатын жұмысқа қолдану 5 дәрегі анықталған. Тараз қаласында жылу, Қызылорда қаласында газ тасымалы тарифтерінің негізсіз көтерілуіне жол берілмеді. Балаларға арналған мамандандырылған және медициналық-әлеуметтік мекемелердің лауазымды тұлғаларына қатысты 36 сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісі басталды. Олар 376 миллион теңге көлемінде залал келтірген.

Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма берді.

## ● МЕРЕЙ Ақынға құрмет

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова белгілі ақын, журналист, «Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясы» ЖШС құрылтайшысы, облыстық мәслихат депутаты, «Құрмет» орденінің иегері Шәкизада Әбдіқаримовты мерейлі 65 жасқа толуымен құттықтап, дәстүрге сай құрмет көрсетті.



Гүлшара Әбдіқалықова белгілі ақын, журналист, «Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясы» ЖШС құрылтайшысы, облыстық мәслихат депутаты, «Құрмет» орденінің иегері Шәкизада Әбдіқаримовты мерейлі 65 жасқа толуымен құттықтап, дәстүрге сай құрмет көрсетті.

Шәкизада Әбдіқаримовты мерейлі мерекенің барша Сыр жұртының атынан шын жүректен құттықтаймын! Еліміздің тәуелсіздігін нығайтуға, аймағымыздың қоғамдық-саяси, әсіресе, рухани өмірін дамытуға елеулі еңбек сіңірген тұлға ретінде ерекше құрметтеймін. Қасиетті Сыр топырағының киесінен шабат алып, шығармашылықтың өрлеу биігіне көтерініп, туған жұртымыздың мақтан тұтар тұлғаларының біріне айналдыңыз. Осындай елге құрметті азаматтарымызды кейінгі ұрпаққа үлгі етіп, еңбегін бағалап, жаасаған игі істерінен гирбат алу – парызымыз, – деді облыс әкімі.

Басқосуда ақынның әріптестері – «Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалының директоры Жағалпап Қарабаба және облыстық мәслихат депутаты, «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы Сәрсенқұл Бихожа мерейтой иесінің ақындық болмысы мен азаматтық келбетін биік бағалап, қиындығы мен қызығы қатар өрілген қаламгерлік жолындағы мазмұнды естеліктерін бөлісті. Шығармашылықпен қатар ұйымдастырушылықты терең меңгерген Шәкизада Әбдіқаримовтің тәуелсіздік жылдарында қазақ тележурналистикасының қалыптасуына қажырлы еңбек етіп, жүздеген шәкірт тәрбиеленгені, сондай-ақ, халық қалаушы ретінде қоғамдағы қат-қабат мәселелердің шешілуіне әрдайым азаматтық айқын көзқарасын таныта білетіні жайлы әріптестері әсерлі әңгімелен берді.

Шәкизада Әбдіқаримов Қармақшы ауданына қарасты Дүр Оңғар ауылында дүниеге келген. Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. Қармақшы аудандық «Коммунизм шамшырағы» газетінде әдеби қызметкер болып еңбек жолын бастап, 1984 жылы арнайы жолдамамен «Байқоңыр» телекомпаниясына редактор болып барып, 1985-1995 жылдары осы телекомпанияның төрағасы лауазымына дейін көтеріледі. Байқоңыр қалалық «Қазақ тілі» қоғамын басқарып, гарыш айлағында тұнғыш қазақ тіліндегі «Алжол» газетін шығарған. «Қазақстан» телерадиосының Қызылорда облысы бойынша меншікті тілшісі, Қызылорда арнайы экономикалық аймағы телекомпаниясының төрағасы қызметтерін атқарған.

Шәкизада Әбдіқаримов еліміздің өркендеуіне, рухани дамуына үлес қосып жүрген азамат ретінде «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. «Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері», «Қазақстанның құрметті журналисі», «Белсенді қызметі үшін», «ҚР Ақпарат саласының үздігі» төсбелгілерінің иегері. «Қармақшы ауданының, Қызылорда қаласының құрметті азаматы». Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен «Болашақ» университетінің құрметті профессоры. Халықаралық «Парасат- поэзия» фестивалі идеясының авторы.

Жыны соңында мерейтой иесі облыс басшысының ыстық ілтипатына алғыс білдіріп, жаңа кітабын тарту етті.

## ● НАРЫҚ ҚЫЗЫЛОРДАДА ӘР СЕНБІДЕ ЖӘРМӨҢКЕ ӨТЕДІ

Өткен сенбіде облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова мен Қызылорда қаласының әкімі Ганибек Қазантаев облыс орталығындағы азық-түлік жәрмеңкесін аралап, тұрғындармен тілдесіп, шаруалармен жүзесті. Аймақ басшысы алдымен Астана даңғылының бойындағы Шиели ауданы шаруа қожалықтарының өнімдері ұсынылған жәрмеңкеге келіп, халықпен бірге азық-түлік өнімдерін сатып алды.



Мұнда 22 ауылдық округтен және Шиели кентінен жинақталған барлығы 47 көлікке тиелген 239 тонна өнім әкелінді. Жалпы құны 38,4 млн теңгеден астам 25 өнім түрі саудаланды. Биыл Шиели ауданы бойынша 31189 гектар егін егілген. Оның ішінде негізгі дақыл күріш – 12039 гектар, қалғаны – бақша өнімдері, дәнді дақылдар мен мал азық-түлік дақылдар.

– Ауданның табиғи өнімдерін әкелдік. Шаруалар, дикандар ерте көктемнен бастап егіп, бүгін өнімдерін ұсынуда. Сонымен қатар, ет пен сүт, құс еті, жұмыртқа, тірі құс пен шұжық өнімдері төмен бағамен сатылуда, – дейді Шиели ауданы әкімінің орынбасары Ерсултан Апетов.

Атап айтқанда, 36 тонна ақ күріш, 63 тонна көкөніс, 73 тонна бақша өнімдері, 61 тонна картоп, 1 тонна балық және т.б. өнімдер төмен бағамен сатылды. Кәсіпкерлердің бірі Патима Махамбет өз өніміне қала тұрғындарының сұранысы жоғары екенін айтты.

– Жәрмеңкеге шұжықтың 7 түрін әкелдік. Бағасы 1000-2500 теңге аралығында. Тұрғындар сұранысы жоғары. «Шиели Шұжық» цехымыз бытыр өз жұмысын бастады. Серіктес ретінде «Байқоңыр» ӘКК жобаға 32 млн теңге қаржылай қолдау көрсетті. Цехымыз заманауи құрылыстармен жабдықталған. Тәулігіне 500 келіге дейін шұжық шығарамыз, тапсырыс болса, одан көп өнім дайындай аламыз. Негізі 12 түрлі шұжық дайындаймыз. Қазір барлық талапқа сай өнімдеріміз нарыққа шыға бастады. Шұжық түрлері Шиелидің өзінде ғана сатылып жатқан жоқ, облыс орталығындағы әлеуметтік дүкен сөрелерінде де бар, – дейді ол.

Жәрмеңкеде қарбыз-қауын, балық, құрт, ірімшік, күріш, көкөніс пен жеміс-жидектерге сұраныс жоғары болды.

Облыс әкімі «Тағзым» алаңында

жауаптыларға бағаның негізсіз көтерілуіне қалағалауды тапсырды. Жәрмеңкеде қалаға қарасты кент пен ауылдық округтер, ауыл-шаруашылық құрылымдары, қала кәсіпкерлері және «Байқоңыр» ӘКК, ҮК» АҚ тарапынан тұрақтандыру қоры арқылы алынған азық-түлік өнімдері төмендетілген бағада тұтынушыларға ұсынылды. Онда

құриштен бастап көкөніс, бақша дақылдары, ет, балық, сүт өнімдері мен мал азығы сыйды 40-тан аса өнім түрі бар.

Жалпы Қызылорда қаласының жәрмеңкесіне 60-тан аса авто-коллектермен барлығы 116 тонна азық-түлік тауарлары жеткізілген. Атап айтқанда, 16,5 тонна картоп, 9,6 тонна сәбіз, 7,5 тонна жуа, 3,1 тонна қырыққабат, 2,5 тонна қызылша, 20 тонна ақ күріш, 800 келі нан және нан өнімдері, 0,5 тонна макарон өнімдері 4,3 тонна сиыр еті, 500 келі қой еті, 1,1 тонна жылқы еті, 200 келі шұжық, 4,4 тонна балық және басқа да өнімдерден бөлек, 40 бас қой қала тұрғындарына базар нарығынан 15-20 пайыз арзан ұсынылды.

Айта кетейік, жыл басынан бері 15 рет ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өткізілді. 12-13 қыркүйекте Сыр елінің Нұр-Сұлтан қаласындағы жәрмеңкесі ұйымдастырылып, 400 тонна өнім саудаланды. Сондай-ақ, 4 желтоқсанға дейін облыс орталығының тұрғындарына апта сайын аудандардың қатысуымен жәрмеңке өткізілетін болады.



## ● КӨКЕЙКЕСТІ АИТВ ешкімді аямайды

ЖАСТАР АРАСЫНДА  
ДЕРТ ЖҰҚТЫРҒАНДАР КӨБЕЙІП БАРАДЫ

Коронавирус пандемиясынан бөлек, талай адамның өмірін жалмай жатқан басқа да жұқпалы кеселдер бар. Мәселен, әлі күнге дейін шипасы толық табылмаған, асқына келе соны СПИД-ке ұласатын адам имунтапшылығы вирусы. Елімізде АИТВ жұқтырғандар саны екі жыл ішінде екі есеге жуық өскен. Қазақ дерматология және жұқпалы аурулар ғылыми орталығының 2019 жылы келтірген мәліметіне, Қазақстан бойынша – 24 322, Қызылорда облысында – 112 адамнан АИТВ анықталған. Бұл көрсеткіш биылғы 8 айды қосқанда елімізде 42 мыңнан асып, облыста 205 адамға жеткен. Оған қоса, ең алаңдатарлығы – соңғы уақытта анықталып жатқан жұқтыру деректерінің 90 процентке жуығы үйленбеген жастар.

Сп Биболат СӘТЖАН,  
«Сыр бойы»

## 21 ҚЫРКҮЙЕК

- 1993 жылы Қазақстан Республикасы мен Албания Республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарды орнату туралы нота алмасу өтті.
- 2011 жылы Нью-Йоркте Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 66-сессиясы өз жұмысын бастады. Оған Нұрсұлтан Назарбаев қатысты.
- 2012 жылы Мадридте «Қазақстан және кино: 1970-2011» циклы ашылды, оның аясында қазақстандық режиссерлардың жұмысы көрсетілді. Циклге «Қызғалдақ», «Қыз Жібек», «Көшпенділер», «Мұстафа Шоқай», «Қош бол, Гүлсары» және т.б. фильмдері кірді.
- 2016 жылы Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтында археологиялық орталық ашылды. Оған белгілі археолог, әлемге әйгілі тарихшы Әлкей Марғұланнның есімі берілді.
- 2018 жылы Алматыда «Қазақ музыкасының антологиясы» таңыстырылды. «Қазақ музыкасының антологиясы» – бұл Қазақстанда алғаш рет классикадан қазіргі заманғы композицияларға дейін 4К түсірілімі қолдана отырып жасалған 30 аспаптық шығарманың кәсіби бейнежазбалары.
- 2018 жылы Қазақстанда тұңғыш «Анаға тағзым» рухани-өнегелік тәрбиелеу орталығы ашылды.

## 22 ҚЫРКҮЙЕК

- 1993 жылы Қазақстан Республикасы мен Бразилия Федеративтік Республикасы дипломатиялық қарым-қатынас орнату туралы ноталар алмасты.
- 2001 жылы Қазақстанға мемлекеттік іссапармен келген Рим папасы Иоанн Павел II-нің Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Астана әуежайында қарсы алды.
- 2009 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Шымкентте Тәуелсіздік монументінің ашылу салтанатына қатысты. Ескерткіш Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би атындағы көшелердің қиылысында орналасқан «Ордабасы» алаңында бой көтерді.
- 2016 жылы Гага қаласының (Нидерланды) мэриясында «Қазақстан – Ұлы дала елі» фотосуреттер көрмесі ашылды.
- 2017 жылы Алаш қозғалысының 100 жылдығына орай Семейде Әлихан Бөкейханның ескерткіші ашылды.

# Бақылаудағы баға тұрақты

Өткен сенбіде облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова өңірдегі азық-түлік өнімдерінің бағаларын бақылау үшін қаладағы бірқатар ірі сауда орындары мен әлеуметтік дүкендерді аралады.



«Аль-Асад» сауда кешенінде халық бірінші кезекте қажет ететін азық-түлік өнімдерінің баға, сапа жағдайы қаперге алынды.

Жалпы әлеуметтік дүкендер мен бұрыштарда маңызды азық-түлік тауарлары нарықтан біршама төмен бағада сатылуда.

Сауда орындарын аралау барысында облыс әкімі әлеуметтік дүкендерді де бақылап қайтты. Әлеуметтік дүкендердің желісін көбейту арқылы халыққа қолжетімді бағада өнім ұсынуға мүмкіндік кеңейетінін айтып, тиісті сала басшыларына жергілікті өнімдерді көбейту қажеттігін ескертті.

Бүгінде Тұрақтандыру қорының өнімдері мен айналым схемасы бойынша қамтамасыз етілетін өнімдер «Байқоңыр» ӘҚК» АҚ-ға қарасты 34 әлеуметтік дүкенде және қосымша Қызылорда қаласында орналасқан 5 ірі супермаркеттерде («Мирас», «Аль-Асад» 8 филиалында, «Ажар Сити» 2 филиалында, «Анвар», «Қызылорда Оптомаркет») келісім бойынша ашылған орындарда сатылуда.

Ал, әлеуметтік дүкендердің желісін кеңейту мақсатында биыл 10 дүкеннің құрылысы жүргізіліп, оның ішінде 5 дүкен іске қосылды.

«Small» сауда үйіне барып, халық жиі тұтылатын әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағаларын көрді. Әсіресе, ұн, қант, күнбағыс майы мен көкөніс

өнімдерінің баға сәйкестігі назарға алынды.

Мұнан кейін «Magnum» ірі сауда маркетіне барып, тауар-

лар қорын бақылап, бірқатар жергілікті өнімдердің бағасын көріп, тұрғындардың пікірін тыңдады. Сондай-ақ, Ә.Бөкейханов көшесіндегі

## Кеңес отырысында – Кәсіпкерлер мәселесі

Облыс прокуроры Н.Быжановтың қатысуымен өңірлік кәсіпкерлер палатасы жанындағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес отырысы өтті.

Аталған кеңес республикада бірінші рет облыс прокурорының қатысуымен ұйымдастырылды деп хабарлайды облыстық прокуратураның баспасөз қызметі.

Жиында облыс прокуроры аймақтағы бизнесті қорғау басым бағыт екенін айтып, бұл салада атқарылған елеулі жұмыстарға тоқталды.

Облыстық прокуратураның ықпалымен осы жылдың 8 айында 600-ден аса кәсіпкердің құқы қорғалып, 23 лауазымды тұлға түрлі жауаптылыққа тартылған.

Мәселен, облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасымен құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия беру кезінде кәсіпкерлерге заңсыз талаптар қойылғаны анықталып, заңбұзушылық жойылған. Республикамыздың басқа өңірлерінде осы тектес заңбұзушылықтың алдын алу мақсатында, аталған оңды тәжірибе барлық облыстарға таратылды.

Кеңес отырысында мониторингтік топтардың қызметіне, коммерциялық мақсаттағы жер учаскелеріне құрылыс салу барысында туындаған кедергілерге қатысты кәсіпкерлердің мәселелері қаралып, оларды шешу үшін жауапты органдарға мерзім белгіленді. Белгіленген мерзімде шешім таппаған жағдайда, прокуратура заңдылығына баға беретін болады.

Кәсіпкерлер құқығын қорғау мақсатында Президент Жолдауында прокуратураға бизнестің арыз-шағымдарын қарауды тапсырды. Президенттің бұл тапсырмасы депутаттардың қолдауымен жүзеге асып, «Прокуратура туралы» Заңға өзгерістер енгізілді.

Осыған сәйкес биылғы жылдың 4 қыркүйегінен бастап прокуратура жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне заңсыз араласу туралы арыздарды қарау және бақылаумен құзырлы органдарға жолдауға өкілетті. Сол сияқты жаппай заңбұзушылықтар орын алған жағдайда тексеру тағайындай алатыны айқындалды.

Қорыта келгенде, кәсіпкерлерге мемлекеттік органдар тарапынан әкімшілік қысым және өзге де заңсыз араласу жағдайында прокуратураға және кәсіпкерлер палатасына жүгіне алатыны және міндетті түрде тиісті шаралар қабылданатыны түсіндірілді.

«СБ» ақпарат

## ● ҮЗДІК ЖАС МАМАН – 2021

# Жүзден жүйрік үздіктер

Кеше «Үздік жас маман – 2021» байқауының жеңімпаздары марапатталды. Шарала облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қабиева үздіктерді құттықтады.

Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Облыс бойынша жүзге жуық қатысушыдан құжат келіп түсті. Біз олардың ішіндегі ең мықтыларын ғана жеңімпаз етіп таңдадық. Жүзден жүйрік шыққан өздеріңізді марапат төрінен көргенімізге қуаныштымыз. Күнделікті жұмыстарыңызға жай

ғана келіп-кетпей, қоғамдық шараларда белсенді болғандарыңыз үшін сіздерге алғыс айтамын. Бұл марапат тындырымыз тірліктеріңізге шабыт сыйлап қана қоймай, алдағы уақытта үлкен жауапкершілік жүктейді, – деді басқарма басшысы.

«Рухани жаңғыру» орталығы директорының орынбасары, комиссия мүшесі Саулет Сахиев үміткерлердің көбінің құжаттарының дұрыс еместігін айтты. Жалпы іріктелген мамандар 4 критерий бойынша таңдалған.

Құжат тапсырған жастардың басым бөлігі білім мен мәдениет саласынан екен. Ал әскерилер мен қаржыгерлерден белсенділік байқалмады. Жалпы құжаттар нәтижелі жұмыстары, қоғамдағы белсенділігі, жеке өміріндегі жаңалықтары мен жетістіктеріне

қарай сараланды. Әлде де аудан, қала жастарының мұндай байқауларға қатысып, өздерін көрсетуі үшін насихат жұмыстары жасалу керек, – деді С.Сахиев.

Шара соңында үздік мамандарға арнайы дипломдар мен ақшалай сыйақы табысталды. Байқау жеңімпаздарының арасында «Үздік жас журналист» номинациясын алған әріптесіміз, «Ақменіт жастары» газетінің тілшісі Гүлдана Жұмадинова да бар.



# «Жаңажолдың» жарқын белесі

Сырға бай Сырдария өзенін жағалай қоныстанып, өзінің тыныс-тіршілігін Сыр бойы аталған аймақтың болашағымен байланыстырған Жаңажол шаруашылығы – ынтимасыз бірілігі жарасқан ауыл. Бірлікті ту еткен, өзін-өзі қамтамасыз етіп отырған іргелі шаруашылық. Өз алдына отау тігіп, шаңырақ көтерген, ата-аналарымыз құрған шаруашылықтың негізі қаланғанына 90 жылдан асты. Ауылымыз өлеңімізді киесі, жүйелі сөздің иесі Дүр Оңғар Дырқайұлы атымен аталады.

Ескі тарихтың куәсіндей «Бұзық қала», «Төрткүл» арқылы Ұлы Жібек жолының бір тармақтары таралған. Керуен жолдарындағы сыр-рын жасырған қалалардың күпиясы ашу – бүгінгі ұрпақ міндеті. Еліміз тәуелсіздігін енді алған елең-алаң кезеңде іргесін бұзбай, қалыптасқан дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін тұтас сақтауға бел буып, барын базарлы, жайын ажарлы қылған ауыл екенімізді мақтан тұтамыз.

Тарихқа үңілсек, бұл елді мекеннің іргесі 1930 жылы қаланып, майда бес шаруашылықты біріктірді. Содан бері еліміз қанша қиын кезеңдерді басынан өткерді. Шаруашылықтың қазіргі деңгейіне жету, әрине, оңай болған жоқ. 1932 жылғы ашаршылық, 1937 жылғы қуғын-сүргін, 1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысы жылдары ауылымыз ғана емес, бүкіл елге ауыртпалық түсті, солардың барлығын ел жене білді. Елдің дамуы мен экономикасының артуына ата-аналарымыз бен аға-апаларымыз өлшеусіз үлес қосты. Осындай еңбекпен келген ауылымыздың қазіргі ажары мен татулығын әрі

қарай жалғастыру әрбір азаматтың міндеті деп есептеймін.

Менің байқағаным, елдегі жастар күр сөз емес, нақты іспен айналысады. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға көмек беру жағы күннен-күнге артып келеді. Осындай азаматтарға шаруашылық атынан алғысымды білдіремін. «Бак қайда барасың?» дегенде, «Татулығы мен бірлігі жарасқан елге барамын» деген екен. Осы сөз жаңажолдықтарға айтылса керек.

Біздің ауыл «Энгельс» атындағы колхоз, «Жаңажол» колхозы, «Жаңажол» өндірістік кооперативі, «Жаңажол» толық серіктестігі атанған. 2004 жылдың 18 ақпанынан «Жаңажол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылды. 90 жылда ел ағалары ауылымыздың көркеюі мен экономикасының артуына үлес қосты.

Атап айтсам, Аяған Боханов



1963-1973 жылдар аралығында еңбек етті. Барлық жұмыс өз дәрежесінде атқарылып, тәртіпке көп көңіл бөлді. Облыста бірінші болып көркейту-қоғалдандыру жұмыстары атқарылып, аймақ халқына үлкен жауапкершілік жүктелді. 1973-1988 жылдары Қарымберді Жақанов көптеген жұмыс атқарды. Ауыл орталығынан үш қабатты мектеп, екі қабатты шаруашылық кенесі, екі қабатты мәдениет үйі, балабақша бой көтерді. Ауыл еңбеккерлері жұмысқа ерте кетіп, кеш келуге дағдыланды.

1988-1994 жылдар аралығында Болатбек Сүлейменов шаруашылық басшысы болып қызмет атқарды. Ауылымыз көркейіп, облыста алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың бірі болды. Жаңадан «Спорт орталығы» бой көтерді. Кешелер асфальтталы бастады. 1990 жылы шаруашылықтың құрылғанына 60 жыл толып, облыс көлемінде атап өтілді. 1993 жылы облыстық «Алтын күз», облыстық спартакиада өтті.

1994-2017 жылдар аралығында ширек ғасыр Қылышбек Әбішев басқарып, егін саласында ел алдында болды. Ауылда жаңадан мешіт, орталық алаң бой көтеріп, наубайхана, сауда орталығы, «Тағзым» алаңы қайта жөндеуден өтіп, түрлі сабақтар салынды. Әрбір отбасы мекенде 25 түп ағаш егіп, оны күтіп-баптауға қалыптасты.

1986-1994 жылдар аралығында халық депутаттары Төрткүл ауылдық кенесі атқару комитетінің төрағасы болып халықпен тікелей жұмыс жасаған Бақытбек Тәуекеловке тоқталып өтуді жөн көрдім. Ол қоғам өміріндегі өзгерістерге орай 1994 жылдан бастап Жаңажол ауылдық округі әкімі қызметіне тағайындалды. Ол кез елде жұмыс жоқ, зейнеткерлер зейнетакисын 5-6 айлап кешіктіріп алатын уақыт еді. Басқа ауылдар бөлініп жатқан тұста ауыл ақсақалдары, белсенді азаматтармен сөйлесіп, нәтижесінде іргеміз бөлінбеді. Елдегі атқарылып жатқан жұмыстардың барлығына

да өзіндік үлес қосты. Бір салада үздіксіз 31 жыл қызмет атқарып 2018 жылы зейнеткерлікке шықты. Қазір ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарып, ақыл-кесеніс беріп отырады. Жақында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова жұмыс сапарымен ауылда болып, орталық «Жаңажол» саябағының ашылу рәсіміне қатысты. Орталық алаңға арта, стелла, әуенді субұрқак, балалар ойын алаңы және спорт алаңы салынған. Саябақ ішіне жарықшамдар қойылып, брусчатка төселіп, көпшілік демалатын орындар, әткеншектер орнатылды. Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесіне орай осындай демалыс саябағы бой көтерді.

Саябақ ортасында орналасқан стелланың бес жұлдыз болып салынуы, майда бес шаруашылықтың бірігуінің белгісі болса, жоғары жағында «Жаңажол» ЖШС логотипі орнатылды. Оны ұстап тұрған кол елдің бірлігінің символы болып саналады. Стелланың биіктігі – 23,5 метр. Жалпы, «Жаңажол» саябағының құрылысына 250 миллион тенге қаражат «Жаңажол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі есебінен жұмсалды.

Алда атқарылар қанша жұмыстар бар. Бастысы, елімізде тыныштық болғай.

Орынбасар ТӨЛЕПОВ, «Жаңажол» ЖШС директоры, облыстық мәслихат депутаты

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



## «Айбын» шарболаттай шыңдайды

Жастардың мықты ерік-жігерін қалыптастыруда әскери-патриоттық ұйымдардың маңызы жоғары. Қару асынып, сап түзеуге даяр ұландар әскери шараларда шарболаттай шыңдала түседі. Биыл «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жастар жыны 6 қазан мен 20 қараша аралығында өткізілмек. Соған байланысты өңірде облыстық іріктеу сайысы ұйымдастырылып, 5 команда бақ сынады.

Айдана ЖУМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Шараны ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында облыстық ішкі саясат басқармасы, білім басқармасы және облыстық қорғаныс департаменті ұйымдастырды. Жеткіншектерді әскери салаға баулитын жынның ашылу салтанатында облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментінің тәрбие идеологиялық және әскери патриоттық жұмыстар басқармасының бастығы, департамент бастығының орынбасары Алматы Жақыпов, облыстық «Ерлік» үйлестіру кеңесінің төрағасы, Ауған соғысының ардагері Қайрадин Баймаханов ауқымды шараның маңыздылығына тоқталып, отаншыл жастарды ел қорғаны болуға тәрбиелейтінін жеткізді.

Жалпы жынға қала мектептерінен іріктелген 75 жас қатысты. Олар белтемірге тартылу, АҚ-74-ті шашу, жинау, жамылғы түріндегі жалпы әскери қорғаныс кешенді кино, тоғызқұмалақ секілді спорт түрлерінен бақ сынады. Алдағы уақытта сайыста үздік атанған жастар арасында 3 команда жасакталып, республикалық жиында облыс намысын қорғайтын болады. Айта кету керек, биыл жастар карантин талаптарына сәйкес республикалық әскери-патриоттық жынға онлайн қатысады.



Аудан жаңалықтары

Жылу маусымы жақын

ҚЫЗЫЛОРДА. Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі және «Қызылорда тазалығы» серіктестігі қоспабаты тұрғын үйлердегі тексеру жұмысын жалғастыруда.

Жақында жауапты мамандар «Мереі» шағын ауданындағы тұрғын үй өкілеттісімен ақу анықтады. Бұдан бөлек, бірқатар проблема белгілі болды. Себебі, бірінші инженерлік жүйелерін ауыстыру қажет болса, өзге қоспабаты тұрғын үйдің өкілеттісіне құбыр ысымалары көнерген. Бұл ретте үй иелері қажетті материалдарды алып, «Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау» заңы бойынша жөндеу жұмыстары жүргізілме.

Шаруаларға көмек көрсету жалғасуда

АРАЛ. Аудандағы қуаныштыққа байланысты төтенше жағдай жарияланғаны мәлім. Қазір тиісті шаралар жалғасын табуда. Соның ішінде белгілі меценат, жерлесіміз Болат Әтмұратов қорының қайырымдылық комитеті жұмыс істеп жатыр.

Осы аптада аталған қор есебінен көрсетілген көмек тұлғаларға таратылды. Қыс қамын ойлаған аралдықтардың көңілін бірлеуге өзге өңірдегі ағайындар да атсалысуда. Жақында Түркістан облысы Ордabas ауданындағы Қ.Сыпатаев елді мекенінен арнайы жүк көлігімен жоңышқа пресі жеткізілді. Түркістандықтар жөнелткен мал азығының жою шығынын өтеуге облыстағы қожалық иелері демеушілік жасаған. Ол Ақирек ауылдық округінің тұрғындарына үлестірілді.

Құрылыс аяқталуға жақын

ҚАЗАЛЫ. Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласын аралап, атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Аудан әкімі алдымен қала мен кент аралығындағы көпірді салып жатқан мекеме жұмысшыларымен кездесті. Қазір құрылыс қарқынды жүргізілуде. Құрылысшылар жұмысты келесі айдың басына дейін аяқтауды жоспарлап отыр. Бұдан бөлек, аудан әкімі Қазалы қаласындағы С.Мұқанов, Әйтеке би кентіндегі Әбілқайыр хан көшелерін қайта жаңғырту жұмыстарымен де танысты.

Егінге орақ түсті

ҚАРМАҚШЫ. «Ірікөл» шаруа қожалығында дикандар өнім жинауға кірісті.

Маңызды шараға аудан әкімінің орынбасары Жұлдызхан Байназарұлы қатысып, егіншілерге тілегін арнады. Аудан ардагерлері де қамынның дәнегін толуына тілектестік білдірді. Айтпа кетейік, биыл «Ірікөл» шаруа қожалығы 150 гектар күріш, 140 гектар мақсары мен 190 гектар жоңышқа екен.

Медиация тәртібімен тоқтатылды

СЫРДАРІЯ. Аудандық сотта бір күнде қарыз ақша өндіру туралы 6 талап сотқа дейінгі тәртіппен реттелді. Татуластырушы-судья дауды татуластыру рәсімі бойынша шешуді ұсынып, медиативтік келісімнің артықшылығын түсіндірген.

Нәтижесінде тараптар дауды келісім тәртібімен реттеген. Жауапкерлер берешек қарызын көзделген мерзімде төлеуді міндеттелсе, келесі тарап қойған талаптарынан бас тартқан.

Жалағаштықтар сенбілікке шықты

ЖАЛАҒАШ. Тазалыққа тастай талап қажеттігін жалағаштықтар жақсы біледі. Әр сенбілікте олардың табандылық танытағыны сондықтан. Тұрғындар #BirgeTazaQazaqstan республикалық акциясына да қаламай келді.

Олар өздеріне бекітілген аумақты тазалап, қоқыстарды жинастырды. «Біз туған өлкемізді жақсы көреміз. Ал, оның көрікті әрі мұнтаздай таз болуы тұрғындарға байланысты» дейді ұйымдастырушылар.

Бекжан – Әлем чемпионы

ШНЕЛІ. Аудан спортшыларының қимылы ширақ. Мұны қазақ құрсауы Румынияда өткен додада Бекжан Төлепов дәлелдеп, Әлем чемпионы атанды. Жеңімпазды аудан әкімі Нариман Мақұлбеков құттықтап, жас спортшының әлі талай сында ел абыройын биікке көтеретініне сенім білдірді.

Айта кету керек, аудандық спорттың дамуы қарқынды. Шнелілік сандықтар биыл ел чемпионатында 42 алтын, 32 күміс пен 58 қола иеленді. Әлем біріншілігі мен кубоктарында 2 алтын, 1 қола алса, Азия біріншілігінде алтын мен қола қанығығалады. Мұнда Ботақөз Қананова, Айзада Мұфтілідов, Айсамал Сансызбаева секілді аймақ абыройын асқақтатып жүрген дарабоздардың үлесі зор.

14 отбасыға баспана сыйлады

ЖАҢАҚОРҒАН. «Айдын нұры» – азаматтық белсенділік танытып, мұқтаж жандарға қайырымдылық көрсетіп жүрген қор.

Жақында Жаңақорған ауданының әкімдігі қоғамды өркендету бастайтын бастама үшін қор директоры Мөлдір Әшимханқызын марапаттап, «Жомарт жүрек» сыйлығы бойынша «Жылдың үздік қамқоршысы» номинациясын табысты.

Жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатынын дәлелдеген қор аудандық откен жылдың өзінде 14 отбасыға баспана бақыттың сыйлаған. Қордың үйлестірушісі, жастар жанашыры – Арман Мәжитов.



Халқына теңдік сұраған

Мұхамеджан Тынышбаев – туған халқына бостандық, теңдік әперіп, өркендетіп елдердің қатарына қосу мақсатында өзін перзенттік күш-қуатын, ақыл-білімін, адамдық қасиетін күрес жолына сарп еткен ұлы қайраткер. Далалық өркеніет пен қалалық тұрмыс-тіршіліктің, мал шаруашылығы мен егіншілік мәдениеттің ара қатынасын зерттеу нысаны еткен. Осының нәтижесінде туындаған еңбектері оны инженер әрі тарихшы, Әрі өлкетанушы ретінде көрсетті. Өзі өлкені зерттеу барысында оның тарихи дүниетанымы қалыптасып, шынайы тұрғындар жасады. Патшалық кезең мен тоталитарлық жүйе дәуіріндегі өкімет саясаты «ұлтшыл», «халық жауы», «шовинист» деген айып тағып, тағдыры талқыға салынған, қиындық болатынын біле тұра ұлты үшін аябай еңбек еткен. Оның өмірі мен қоғамдық саяси қызметін, тарихи еңбектерін, көзқарастарын зерттеу – қоғамдық ғылымдардың, ең алдымен тарих ғылымының алдында тұрған үлкен іс.

Мұхамеджан Тынышбаев Жетісу облысы Лепсі уезі, Жыланды тауының баурайында дүниеге келген. 1900 жылы Верный қаласындағы Ерлер гимназиясын үздік аяқтап, император Александр I атындағы Жола қатынасты инженерлері корпусы институтына оқуға түседі. Студент шағында баспасөз беттерінде патша үкіметінің отарлау саясаты туралы мақалалар жазып, ел ішінде үкіметке қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізумен айналысты. Сонымен бірге патша билігіне оппозициядағы орыстың түрлі партияларына түрікшілдік және мұсылмандық қозғалыстарға да қатысты. Оның осы кезде жазылған атықты «Қырғыздар және азаттық қозғалысы» деген баяндама-мақаласынан соң империя жандар-мериясы соңына тығысы қойды. 1907 жылы Жетісу облысының мұсылман халқы атынан Н Мемлекеттік Думаға сайлануы, оның сол кезеңде-ақ халық

алдындағы бедел мен сенімге ие болғанын көрсетеді.

М.Тынышбаев 1916 жылғы 25 маусым жарлығына қарсы шыққан халық көтерілісінің салдарын (Жетісу облысындағы қазақ-қырғызға жасалған қанды қырғын, халықтың босқындыққа ұшырап, бұрынғы жұпыны күйлерінде айырылуы және т.б.) күні бұрын-ақ болжап, бас көтеруді болдырмауға тырысты. Күші басым империялық билікке қарсы шығудың қарусыз халыққа тек қайғы-қасірет әкелетінін алдын ала түсініп, елді сабырға шақырған «Қазақ» газеті төңірегіндегі зиялылармен бір пікірде болды. Кейін осы көтерілістің зардабын жою ісімен айналысты.

Ол 1917 жылдың ақпанында дүниеге келген Уақытша үкіметтің Түркістан Комитеті құрамына мүше болып, халық проблемасын шешуге барынша атсалысты. Қоғамдық-саяси қызметінің келесі бір өте маңызды кезеңі – 1917 жылы қараша айының соңында құрылған Түркістан (Кокан) автономиясы үкіметінің төрағасы болуы. Кейіннен 1917 жылдың соңына қарай Алашорда үкіметі жағына шығып, Алаш зиялыларының ұлттық автономия мәселесін көтеруіне ықпал етеді. Бірақ басталып кеткен азамат соғысы бұл шешімнің орындалуына қолайлы жағдай туғыза қойған жоқ. Соған қарамастан, Алашорда үкіметі бұрынғы империя метрополиясы мен отар аймақтарында пайда болған түрлі саяси билік құрылымдарымен келіссөздер жүргізіп, қазақ мүддесін қозғауға ұмтылды. М.Тынышбаев белсенді мүшесі болған ұлт автономиясының көсемдері, ең алдымен, халықтың амандағын, бүтіндігін сақтауға тырысты.

Ол 1920 жылы I қазанда Ташкентте ашылған Қазақ Ағарту институтының оқытушысы болып қызмет істеп, онда түркі-монғол тарихынан дәріс оқып, физика, математика пәндерінен сабақ берді. Институт ұжымы оқу орнын қалпына келтіру мақсатында халықтан қаржылай көмек сұрауға



М.Тынышбаевты Шымкент және Әулиеата уездеріне жібереді. Институтты ұйымдастырушылардың бірі ретінде қызмет бабымен іссапарға шыққанда қазақ жастарын білім алуға шақырған. Сондай-ақ ол өзінің жұмысбауы болғанына қарамастан, оқу орнында дәріс беруді тоқтатпаған. Ол институт басылығына таңертенгі сағат 8-9 аралығында, түстен кейін 16-дан соң оқу орнына сабақ жүргізуге мүмкіндігі болатынын айтып хат жазған. Бұл құжат М.Тынышбаевтың ұлт мүддесі жолындағы жанкешілік қызметінің бір ғана көрінісі еді.

Осы институтта жүріп, жүйелі түрде тарихи-зерттеушілік жұмыстармен айналысып, қазақ халқының этникалық және саяси тарихын зерттеумен айналысты. Ол 1920 жылы Қырғыз (қазақ) өлкесін зерттеу қоғамын құрушылардың бірі болып, «Сана» журналының шығуына атсалысты. Осы журнал бетінде қазақ халқының қамын жеген, мүддесін көздеген зиялы қауымның шығармашылық еңбектері жарық көре бастайды. Солардың қатарында 1923 жылы М.Тынышбаевтың «Түрік-Моңғол тарихы» деген еңбегі де бар. Онда XII ғасырдағы моңғол шапқыншылығына дейінгі қазақ тайпаларының географиялық орналасуы, құрылымы, өзіне тән қоғамдық-дін, мәдени дамуы туралы тың мәліметтер келтірілді. 1924 жылы 22 маусымда болған археология және этнография секциясының кезекті мәжілісінде қоғамға толық мүше болып қабылданды.

1925 жылдан бастап Ташкент қаласындағы Орыс Географиялық қоғамы бөліміне мүше болып жүрген кезінде өлкетанушылық, этнографиялық зерттеулермен шұғылданды. Соның нәтижесінде ғылымның «Қазақ-қырғыз тарихына материалдар», «Көкей үйіндісі және Қойлық қаласы», «Қызылөзен үйіндісі және Баласағұн қаласы» атты еңбектері жарық көрді. Бұл еңбектерде Қазақстанның Жетісу өлкесіндегі орта ғасырларда мәдениеттің оша-

ғы болып, Жүсіп Баласағұн сияқты ойшылдар еңбек еткен, моңғол, жоңғар шапқыншылығы нәтижесінде үйіндегі арналған Қойлық, Қызылөзен, Баласағұн, Ілебалық сияқты қалалардың тарихтағы орны баяндалады. Ол осы кезеңде тарихшы-ғалым ретінде өзіндік зерттеу жолына түсті. Оған сол заманда қатар өмір сүрген ғалым-зерттеушілер де ықпалын тигізді. Қазақ халқының тарихына байланысты замандастары жариялаған еңбектерге дер кезінде пікір айтып отырды. 1925-1926 жылдары А.Чулошниковтің «Қазақ-қырғыз тарихының очерктері» атты еңбегіне сын-ескертіпесі жарық көрді. Осы еңбекте қазақ халқы тарихының көп жағдайда бұрмаланып берілген негізінде еңбектің кемшіліктерін көрсетті. Міне, сондықтан М.Тынышбаевтың бұл тарихи еңбектері – ұлт тарихының кейбір күрделі мәселелері мен тарихиға туралы құнды пікірлер айтқан ғылыми туындылар.

Тарихи деректерді, өлкетанушылық материалдарды жинақтауда М.Тынышбаев халық ауыз әдебиетін халықтың тарихи мен мәдениетінің негізгі дерегі ретінде қарастыра отырып, өлкетанушылық, этнографиялық тұрғыдан ғылыми мәселелерді шешіп отырды. Өз өмірінде мамандығына байланысты қызметінен басқа көптеген ғылыми-зерттеулер, мақалалар жазды. Олар барлық қоғамдық қызметтері сияқты тыңғылықты жасалып, зерттелгендігін, толық сындық-сараланудан өтуімен және өзіндік ой-тұжырымның жасалуымен ерекшеленеді.

Тарихшы-ғалымның ғылыми қызығушылығы өз халқының мүддесі және оның өткені мен болашағы туралы ойларының көп толғанатынын туындылады. Ол Орыс Географиялық қоғамының Түркістан бөлімшесі қоғамымен байланысты болды. Қоғамның әр мәжілісіне сарапшы ретінде ғана қатысып қоймай, баяндамаларын да жасап тұрды. Өмірінің

көп кезеңін ізденіспен өткізген ол тарих ғылымын құнды зерттеулермен толықтырып отырды. Орыс Географиялық қоғамының Жетісу, Түркістан бөлімшелерінің және 1920 жылы Қырғыз (қазақ) өлкесін зерттеу қоғамының мүшесі болды.

Оның көзқарастары мен еңбектері жалпы қазақтың мәдениеті мен тарихының дамуына елеулі үлес қосты. Қазақ халқының шығу тегін анықтау үшін деректерді ұзақ жылдар бойы жинақтайды да, кейінірек қазақ шежіресін жазуға негіз етті және ізденістері Қазақстанды зерттеу қоғамының еңбектерінде жарияланды.

XX ғасырдың бас кезіндегі қоғамның дамуында ұлт бірлігін нығайту ісінде тарихи мәселелер маңызды орын ала бастайды. Мұны жекелеген замандастарымен кеңірек те тереңірек түйсінген М.Тынышбаев инженерлік қызметпен қоса ғалым-тарихшылықты қатар атқарды. Нәтижесінде инженерлік қам-қарекетті тарихшылықпен қатар алып жүрген ол ғылыми-танымдық және қолданбалық мағызын осы кезге дейін жоймаған тарихи зерттеулер тізбегін қалдырды. Көсібі қызметінде Жетісу жол құрылысы, Қызылорда, Алматы қалалары сәулет-ғимарат нысандарын жобалау және салу, «Түркістан-Сібір» темір жолын тұрғызу тәрізді ірі техникалық туындыларын қалдырды. Соның ішінде Т.Рысқұлов басшылық жасаған атықты «Түркістан-Сібір» темір жолын салудағы тұңғыш қазақ инженерінің ерен еңбегі Отан тарихында алтын әріппен қалды. Қазақстанның қолқ және коммуникация әлеуетін қалыптастыруда Мұхамеджан Тынышбаев көшбасшы.

Кенес үкіметі Алаш зиялыларының іс-әрекеттерін жіті назарда ұстап, 1937-1938 жылдары жаппай жазалауға ұшыратқан кезеңде М.Тынышбаев та 1930 жылдың тамыз айының 3-жұлдызында қуғынға түсті. «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында М.Тынышбаевтың бұрын-соңды жарық көрмеген қолжазбаларын жинақтап, толықтырып барлық еңбектерін «Шығармалары» ретінде жариялау еліміз, ұлтымыз үшін керек. Әсіресе, оған қатысты тарихи құжаттар мен деректер елімізде, ТМД елдері қалаларының (Мәскеу, Петербург, Самара, Уфа, Том, Қазан, Ташкент, Ашгабад және т.б.) архив қорларында және алыс шетелдерде түрлі ресми-қоғамдық мекемелер мен жеке коллекционерлер қорларына шоғырланған. Оларды іздеу, жинау, деректанулық талдау жұмыстары үздіксіз жалғаса берсе деген ойдамыз.

Кенжегүл АХМЕТОВА, облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Ақмешіт» филиалы меңгерушісі

Жосалының Жақсыбайы

Әсілінде адамзат баласы туған жерімен тығыз байланыста болады. Бұл әркімнің тұрғы болып жетілуіне сенгіні тигізеді. Жақсыбай Жәкеев еңбегімен ер атанып, туған жерін түлтеуде өшпес еңбек сіңірген. Оның жетекшілігімен талай толымды бастама іске қосылды. Жақсыбай ағаны қашан көрсен де қоғамдық істеріңіз ұйтқысы болып жүреді. Жасым келді деп жайбарақат қол қусырып отырған ол жоқ.



оны аудандық сәулет бөлімінің меңгерушісі етіп тағайындады. Бұл жұмыстарда да Жақсыбай Жәкеев жауапкершілік жүгін сезініп, күрделі құрылыс саласына да үлесін қосты. 1973 жылы аудандық коммуналдық шаруашылық мекемесінің бастығы болып, халықты ауызсумен қамтамасыз ету үшін көшелерге жалпы ұзындығы 18 шақырым болатын су құбырын жүргізуге бастаманы болды. Кенттің орталық көшелері асфальтталып, көпіршілігіне тас төселді. 3 скважина қазылып, су соратын станса салынды. Көшелерге жарық жүргізілді. Бұл бір қарағанда жеңіл болып көрінгенмен, қаншама еңбек жатыр.

Жәкеевтің тұлға болып қалыптасуы сонау жастық шағында айқын аңғарылған еді. Оған өзі оқыған оқу орнында жұмысқа қалу жөнінде ұсынысы айтылды. Шымкент қаласындағы химия-технологиялық институтын құрылысшы мамандығы бойынша тәмамдаған жас жігітті институт басылығы оқытушы етіп қалдыруға шешім қабылдады. «Темір бетонды конструкциялау», «Материалдар кедергісі» (сопромат), «Теориялық механика» (теормех) деп аталатын сабақтарды жүргізу үшін жас маманға жүктеме де беріп қойған. Алайда Жақсыбай Мәлбағарұлы өзі туған Жосалы кентіне келіп, туған ауылын түлетуді мақсат етті. Сол ізгі арманына жеткеніне өзі де іштей қанағаттанып отырады.

Жәкеевтің саналы ғұмырында ерекше орын алатын сәттерінің бірі де, бірегейі – түркі әлемінің абызы саналған Қорқыт ата ескерткішінің орнын белгілеуі. Сол бір тарихи сәт туралы Жәкен былайша сөз өрбітті.

Бірде Нағымет Егізбаев, Әбілқасым Мұғалов, Әуелбек Қоңыратбаев, облыстық мемлекеттік ескерткіштерді қорғау бөлімінің бастышы Жақсыбай Құлымбетовпен бірге Қорқыт атаның басына бардық. Сол жерде «Дария жағасына, осы жерге дейін Жосалыдан жол салу керек, Қорқытқа ескерткіш қою қажет» деген әңгіме басталды. Содан үлкен жолдың бойынан өткен жолаушылар бабаға зиярат етіп, құран оқып етеді. Керемет есі болғалы тұр.

– Ескерткішті теміржол мен тас жолдың арасына, ана бір төбелердің бірінің үстіне неге қоймаймыз? – дегенім сол еді.

– Мына баланың айтып тұрғаны дұрыс, барып көрейік, – деді профессор Әуелбек Қоңыратбаев. Содан келікке отырып, арғы бетке өттік. Кізіргі Қорқыт бабаның кесенесі тұрған жерге қазып қағылды. Артынан аудандық атқару комитетінің төрағасы Нажмаддин Ысқаков шешім шығарды. Алматыдан архитекторлар Бек Ыбыраев пен Елтанба авторы Жандарбек Мәлібеков шақырылды. Кесенеге қаралған арнайы қаржы жоқ. Аулартомның бірінші хатшысы Елеу Қоңыраев ағамыздың тапсырмасымен «ІМК-30», «ІМК-83», «ІМК-1602», құрылыс мекемелерінің асарлату әдісімен кесене салынды, – дейді ол.

Жәкен биыл 75 жасқа толғалы отыр. Жұбайы Рауабану – медицина саласының ардагері. Екеуі – 3 баладан тараған немерелердің қызығына бөленіп отырған қазыналы қариялар. Балаларының барлығы – өз саласының майталман мамандары. Қос қарияның тілегі – егемен еліміздің берекесі мен тыныштығы.

Туған елінің өркендеуі мен көркеюіне үлес қосқан оның ғұмырнамасы – кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Ол әлі күнге дейін Сыр өңірінің кемел келешегі жолында жүйелі жұмыстар жасап келеді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, журналист

Республикалық «Үздік логотип» онлайн байқауының ережесі

2021 жылдың қыркүйек айының 15-30 күндері аралығында Арал ауданы әкімдігінің қолдауымен, «Аудандық мәдениет үйі» КМҚК ұйымдастыруымен Арал ауданының логотипін өзгерту мақсатында республикалық онлайн байқау жарияланып отыр.

Байқаудың мақсаты Арал ауданының жаңа логотипін өзгертуде Аралдың брендин қалыптастырып, Қазақстанға таныту және ғаламтор желісінде өзіне тән оң имиджін көтеру болып табылады.

Байқаудың шарттары Байқауға дизайнерлер, суретшілер және кез келген ынталы әлеуметтік желі қолданушылары қатыса алады. Байқауға қатысушылар Арал ауданының логотипін өзгертуге қатысты өзіндік қолмен жасаған авторлық жұмысын А4 форматта түрлі-түсті қараңдаш, гуашь, акварель пайдалана отырып сурет салады. Және салған суретін CorelDRAW және Photoshop программаларына түсіріп, JPEG форматында сақтап, Facebook әлеуметтік желісінде аудандық мәдениет үйінің әлеуметтік парақшасына сілтеме жасай отырып, авторлық жұмысына видеонаұсқа арқылы қысқаша түсіндірме жасап салуы тиіс.

1. Арал ауданының логотипі – атап айтқанда, ғасырлық тарихи бар Арал қаласын дәріптеу әрі тақырыпты ашу, қолданатығы (бекітілген) логотипті негізге ала отырып, түсі мен шрифтер бекітілген логотипке сәйкес келуі, авторлық құқықтарға сәйкес болуы секілді талаптар қойылады.

Байқаудың қазылар құрамы Байқау жеңімпазын білікті суретшілер мен дизайнерлерден, БАҚ өкілдерінен, мемлекеттік мекемелер және үкіметтік емес ұйым мүшелерінен құралған арнайы комиссия анықтайды. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және қайта қарауға жатпайды.

Марапаттау Байқауға қатысушы талапкерлер арасынан бір ғана жеңімпаз анықталады. Арнайы диплом және екі жүз мың теңге (200 000 теңге) қаржылай сыйлықпен марапатталады. Байқаудың қорытындысы 2021 жылдың қазан айының бірінші он күніндегі жарияланады.

Байланыс ақпараттары Байқауға 2021 жылдың қыркүйек айының 15-30 күндері аралығында жарияланған материалдар қабылданады. Қатысушы жұмысын aral\_rdk@mail.ru электронды поштасына немесе Facebook әлеуметтік парақшасында «Арал аудандық мәдениет үйі» КМҚК үйінің әлеуметтік парақшасына «Арал аудандық мәдениет үйі» сілтеме жасай отырып жолдауы тиіс.

Байланыс телефондары: Аудандық мәдениет үйі 2-18-37 Байқауға жауапты: Гүлбану Матғығұлова, тел.: 8775 238 41 55

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Облыс әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Ардагерлер және Қоғамдық кеңесі ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, қазақ айтқыс өнерінің дүлдүлі

Әбілкерім Манапұлының қайтыс болуына байланысты марқұмын отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



# Қасиетті қарашаңырақ



**Жалағаш ауданының Еңбек ауылында көпбалалы Қаршығавтар отбасы тұрады. Есімдері елге жақсы таныс әулетке қызғана қарайтын дегендей.**  
Отбасы Сабит пен жары Фатимақұл Нұрмағамбетова – 18 перзент сүйіп, немере мен шөберені қуанышына келген жандар.

**Сара АДАЙБАЕВА,**  
«Сыр бойы»

Сабит ағамыз сонау сұрапыл соғыс жылдарында өмірге келіп, еңбектен есейді. Еңбек ауылында 40 жылдан астам уақыт көлік жүргізуші болды. Аудан мен ауыл арасын жалғайды. Жолсаушының ақын емес, алғысын алды. Отанасы Фатимақұлмен 1965 жылы шанырақ көтерді. Екі жас өмірдің қиыншылығы мен қуанышын қатар көріп, отбасының берекесін сақтады. Адал еңбегінің арқасында өмірге келген ұл-қыздарын ешкімнен кем етпей жетілдірді. Үйдің тұңғышы Серік 1966 жылы дүниеге келді. Артынан іні-қарындас тәрбиеленді. 18 баланың екеуі егіз. Самат пен

Гүлзат, Қожахмет пен Жансұлу. Қазір әулеттің түтінін түзу тұтетіп отырған Фатимақұл әжей. Қарашаңырақтың егесі кеңісе – Аманжол. Ол медицина саласын таңдап, бүгінде «Еңбек» ауылдық ауруханасында жұмыс істейді. Өзі анасының жеке дәрігері. Бірлігі бекем, татулығы жарасқан отбасында өсіп-өнген оның да шағын мемлекеті бар. Бір перзенттің әкесі. – Көпшілік арасында «қанша ағайындысың?» деп сұрап жатады. 17 бауырым бар деймін. Көпшілігі себейді. Біз секілді көпбалалы отбасылар аз болғандықтан болар. Таңырқап жатады. Мен үйдің сүт кеңісесімін. Анам мені 48, ал әкем 54 жасында көрген. Тегімді әкем атына жаздырған. Қызғана, ата-баба шешіресі жазылған кітапқа ұлдар қатарына емес, немересі ретінде тіркеп қойыпты. Жалпы, әкемің тірісі тірісіне де «немере бе?» деп сұрайтындыр көп еді. Әкем өте балажан кісі. Ол үшін арқайсымыздың орнымыз ерекше болды. Пейілі кең, жүрегі жұмсақ, адамгершілігі жоғары бағалайтын. Анам екеуі ұл-қыздарын оқытып, бірі-бірі шанырақтың егесі болуы үшін қолдарынан келгенін жасады. Отбасында ұрыс-керіс дегенді көрмей өстік. Үлкендері кішілеріне

қарады. Бауырмалдылық деген қасиетті ұғындық. Бүгінде әкеміңн құтты мекеніне айналған қарашаңырақ отырмын. Бізміз де сол үйде өстік. Анамын қас-қабағын бағып, жағдайын жасаймын, – дейді ол.

Аманжолдың айтуынша, анасының әр туған күні – үлкен мереке. Жан-жақтан бауырлары жиналып, сый жасайды. Дастархан басында ақ батасын алады. Немере мен шөберелерінің ерекше құттықтауларын тыңдайды.

– Анамыз үшін әрбірміздің орнымыз бөлек. Жолымызды тосып, күтеді. Жұмыстан сәл кешігіп барсаң, есік алдында отырады. Ана жүрегі баласы үшін қанағанды алаңдаулы ғой. Мен өзім әкемің ал, анам үшін баламын, – дейді күлімсіреп.

Қиын сәтте балаларымды қалай жетілдіремін деп мойымаған анамың әрекеті нағыз ерлік деуге болады. «Әр бала өз несібімен келеді, перзенттері – Аллаңның берген сыйы» дейтін ақ жаулықты анамыз, ұл-қыздарына ақыл-кеңес беруден де жалдыққан емес. Балалары бір нандық бөлек жеді, бір-біріне қолғабыс етіп жетілді. Ағасы інісіне, інісі ағасына демеу болды. Бір-бір отбасының тірегіне айналып, көпшілігі ата-анасы секілді

көпбалалы отбасы болды. Фатимақұл әженің «Алтын алқадан» басқа мақтау-марапаттаулары жетерлік. Ол 1999 жылы «Жыл адамы» атанса, аудан әкімі «Батыр ана» дипломын табыстаған. 2005 жылы облыстық әйелдер кеңесінің «Өнегелі отбасы» номинациясын алса, Қызылорда қаласының 190, облыстың 70 жылдығына орай «Патшайым ана» атағын иемденді.

Биыл жетпістің бел ортасына келді. Соңғы кезде денсаулығы сыр бере бастаған. Ерекше күтіммен отыр. Мұндайда қасынан Аманжол табылады. Қажетті ем-шарасын жасап, қан қысымын бақылайды. Міне, татулығы жарасқан отбасының тыныс-тіршілігі.

Бұл мақалаға арқау болған жарасымды отбасының бірі ғана. Қазір 18 бала түгелі, 5 баласы бір шаңыраққа сыймай жатқандарды көз көріп жүр. Ағайын арасындағы алауыздық басым. Қанша баланы өмірге әкелген ата-ана қызыған көретін шағында қарттар үшін панаала қалады. Отбасы құндылығын ескермей, бала алдындағы жауапкершілікті сезінбейтіндер қаншама?! Мұндайда жас отбасыларға «сыйластық пен бірлік – шаңыраққа шаттық әкелуші» деп есептейтін Фатимақұл анамыздың ақылы керек-ақ.

## ӨНІР ӨНІМІ

Жақында өмір еңбеккерлері жаз бойғы еңбегінің нәтижесін елордалықтарға паш етті. Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесіне Сырдың дәмін аңсаған ағайын асыға келді. Тұрғындар ырысты өлкенің өнімдерін таласа алды. Соның ішінде Жаңақорған ауданында дайындалатын жантақ балына сұраныс жоғары болған.

**Мөлдір КАЛЫМБЕТ,**  
«Сыр бойы»

## Жантақ балы – жанға дәру

Кәсіпкер Асхат Раисов ұсынған өнім ерекше. Денсаулыққа пайдасы паш етекпен. Индет өршіп, карантин әбегірге салған тұста ол тәуекелге бел буып, өмірде бал орталығын ашқан. Бастамасына «Байқоңыр» ӘКК» АҚ қолдау тапты. Нәтижесінде кәсіпкер жана заманауи құрылыстарды Польшадан әкелуді мүмкіндік алды. Қазір тәтті бал қаладағы әлеуметтік дүкендерде және шағын маркеттерде сатылымда. Сәні мен сапасы сай, бағасы қолжетімді.

Балдың дайындалу процесіне зер салатын болсақ, мұнда жаңақорғандық омарташылардың үлесі басым. Олар араның әуелі балды жантақ өсімдігінен алуына мүмкіндік жасайды. Көктем шыға салысымен тоғайлы аймаққа баратын. Көбіне шенгелі мол аумақ таңдалады. Жантақ гүлдеген тұста араларды егістік алқаптарына жіберіп алмау қатаң талаптарына Жәндікке қамқорлық таныту маңызды. Өйткені өзіне жасалған сай, бағасы қолжетімді.



қамқорлық арқылы ара қалыпты деңгейде бал жинайды. Осылайша, бал омарташылардың көмегімен Асхат басқаратын «Жантақ балы» орталығына жиналады, мұнда ол сүзгілен отып, еуропалық жабыққа құйылады. Кәсіпкердің айтуынша, өнім бұған дейін барлық сынақтан сәтті өткен, ЕАЭО сәйкестік сертификаты бар. Дәмі тіл үйіреді және гипоаллергенді.

Кейініректе тілсүз барысында машақаты көп бұл істің тынымсыз еңбекті қажет ететінін білдік. Шынында «бал тәтті болғанмен, бейнеті көп» деп бекер айтылмаса керек.

– Жантақ – түйе малының сүйіп жейтін азығы. Сондықтан ауыл тұрғындары өсімдікті гүлдеп, дән байлаған кезде орып, жинап алады.

Бұдан бөлек, жантақтан жасалған балдың кез келген дерттен айқыратын емдік қасиеті бар. Оның іш құрылысы, тыныс алу органына ауруларын емдеуде және артық тұзды ыдыратуда септігі зор. Суыққа қарсы, ыстық түсіретін, жөтелді басатын көмегі бар. Ақыл-ой қабілетін дамытатынын зерттеушілер дәлелдеген. Себебі, өсімдік құрамында каротин, эфир майлары, гликозидтер, С және К дәрумені кездеседі. Біздің қолға алған өнімнің ерекшелігі, тапсырыс берушілердің көптігі осымен байланысты. Әсіресе, коронавирус өршіп, инфекция алқымнан алған тұста жерлерден сұраныс толастамады. Сол кезде ұзақ ойланбай, іске кіріскеніме қуандым. Бастысы, «Байқоңыр» ӘКК» АҚ тарапынан көрсетілген қолдауға ризамын, – дейді «Қызылорда жантақ балы» орталығының директоры Асхат Раисов.



# АИТВ ешкімді аямайды

## Жастар арасында дерт жұқтырғандар көбейіп барады

Дегенмен, қазір елімізде АИТВ-мен өмір сүретін, антиретровирустық терапия (АРТ) қабылдайтын адамдардың қатары көбейген. Соңғы бес жылда АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың анықталуы ғана емес, арнайы антиретровирустық ем қабылдайтын жандардың саны ұлғайды. Бүгінгі таңда бұл көрсеткіш 73 процентке жетті, пациенттердің 84 процентінде вирустық жүктемесі басынған. Осы арада тоқтала кетуге тура келеді, бұл дерттен қалғанға айықтыратын ем әлі күнге дейін табылмаса да, антиретровирустық терапия оны жұқтырғандардың денсаулығын бір қалыпта ұстауға, өмірді ұзарту тәсіліне көтеріп берді.

Вирустық жүктеме – бұл бір мл қанға АИТВ-мен ауыратын адамның қанындағы вирустық бөлшектердің саны. Вирустың мөлшері неғұрлым көп болса, оның серіктестеріне парентеральды (қан арқылы), жыныстық немесе тікелей жолмен (жүктілік, босану, емізу кезінде АИТВ-мен ауыратын анадан балаға) берілу қаупі соғұрлым жоғары болады. Әсіз имунитеттің салдарынан пайда болатын кейбір оппортунистік аурулардың туындау мүмкіндігі жоғары, мысалы, туберкулез, пневмоцистік пневмония немесе онкология.

Қазақстандық мамандардың маңызды жетістіктерінің бірі – АИТВ жұқтырған әйелдердің дені сау балаларды дүниеге әкелуі 99,6 пайызға дейін артқаны.

ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталықтың ұйымдастыру әдістемелік бөлімінің меңгерушісі Қанат Шушаев өмірде АИТВ-ға қарсы кешенді шаралар жүргізіліп жатқанын айтты.

– Аурудың көбеюінің негізгі себебі биыл тестілеу саны 23,6 пайызға артты. Тестілеу саны көбейген сайын жұқтырушылардың да көбейетіні сөзсіз. Тағы бір себеп, АИТВ-ға тұрғындарды тестілеу стратегиясында өзгерістер орын алды. Соның нәтижесінде облыс бойынша барлығы 4000-ға жуық жүкті әйелдің жыныстық серіктестері тексеріліп, олардың арасынан 3 адамнан осы инфекция анықталды. Сондай-ақ, аталған инфекцияны жұқтырған 2 жүкті әйел босанып, нәресте антиретровирустық еммен қамтылды, – дейді ол.

Өмірде биыл тіркелген инфекцияны жұқтырған 24 адамның алтауы нәзік жандар болса, он сегізі ер адам. 14-і қала тұрғыны болса, қалғаны аудандардан анықталған. Атап айтқанда, Жаңақорған, Қазалы, Шешел аудандарында 2 адам ЖИТС жұқтырса, Жалағаш, Арал, Қармақшы аудандарынан 1 адамнан белгілі болған. Ал Байқоңыр қаласынан 1 азамат ауру жұқтырған. Жас шамасына қарай ауру жұқтырушылардың көбі 30 және 40 жас шамасындағы азаматтар.

Жүргізілген эпидемиологиялық зерттеу қорытындылары бойынша біздің облыста АИТВ инфек-

циясы жастар мен жасөспірімдер арасында 20-29 жас аралығында көптеп тіркелуде және гетеросексуалды, гомосексуалды жыныстық жолмен таралуы эпидемиологиялық маңызы алаңдатады. Соңғы 3 жылда облыс бойынша гомосексуалды жыныстық жолмен таралу басымдық алууда.

– Облыс бойынша АИТВ инфекциясының эпидемиологиялық жағдайын тұрақтандыру мақсатында жастардың және жасөспірімдердің жыныстық тәрбиесіне ата-аналар мен оқу орнындағы басты назар аудару қажет деп ойлаймыз. Жастар мен жасөспірімдерге бейберекет, қорғалмаған жыныстық қатынастарға бармауға, үйленгенге, отбасылы болғанға дейін жыныстық қатынасқа түспеу қажеттігін ескертеміз. Бұл – АИТВ инфекциясының және басқа да жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың алдын алудың бірден-бір басты бағыты. Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жолмен жүруге шақырамыз, – дейді ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталықтың эпидемиологиялық бөлім меңгерушісі Салтанат Балықбаева.

Адамның имунитет тапшылығы вирусы (АИТВ) ағзадағы қорғаныш жүйесін зақымдайды. Оны жұқтырған адамдардың көпшілігі бірнеше жылға дейін өзінің ауырыптан сезбей, сау адамша жүріп мүмкін. Ауру жұқтырған адам тиісті емін алмаса, уақыт өте келе оның бойындағы бұл дерт асқынп,



жұқтырылған имунитет тапшылығы синдромына ұласуы мүмкін. Бұл кезде ағзадағы қорғаныш қабілетінің төмендеуінің соңылық қарапайым тұмаудың өзі адамды өлімге әкеліп соқтырады.

### АИТВ қалай жұғады?

Қанға АИТВ қажетті мөлшерде түскенде жұғуы мүмкін. Құрамында АИТВ-ның жұғатын мөлшері бар организм сұйықтықтары – қан, шәуіт, қынап сұйықтығы, ана сүті. Сілекей, тер, нәспен құрамында қоздырғыш жұқтыратын мөлшерде болмайды. АИТВ зақымдалмаған тері арқылы немесе ауа арқылы тұмау қоздырғышы сияқты берілмейді.

Сақтанбай мүшеқалсыз жыныстық қатынасқа түсу кезінде, инъекция құралын бірлесіп қолданғанда,

бірақ ЖИТС-тың дамуын баяулататын дәрі-дәрмектер бар. Жұғудың алдын алатын вакцина да жоқ.

Ауруды жұқтырған немесе жұқтырмағанын білу үшін әуелі қанды арнайы лабораторияда тексеруден өткізу қажет. Ауру жұқтырған адамдардың қанында АИТВ-ға қарсы денелердің (антидене) табылғаны білінеді. Антиденелер – бұл қанға вирус түскеннен кейін жауап ретінде пайда болатын белоктар. Ауруды дерт кезінде анықтап, тиісінше ем қолданатын болса, ағзадағы дерттің асқынатын тежеуге, сол арқылы адамның қалған өмірін сапалы да, саналы өткізуге мол мүмкіндік бар. Ол үшін мекен-жайы бойынша емханаларға және сыртқа салу құралдарын бірлесіп қолданғанда, ботен адамның қырыну құралдары мен тіс щеткасын қолданса, жүктілік, босану және емізу кезінде анадан балаға жұғу қаупі жоғары болады.

Оны қол алысу, құшақтау, достық сүйісу, түшкіру мен жөтелу кезінде, бір ас ыдысын, орамал-төсек құралдарын пайдаланғанда, бір душ пен дәретхананы қолданғанда, бірігіп спортпен шұғылданғанда, бір мөлшеде ауру жұқтырған адамдармен тұрғанда және жәндіктер шаққанда жұқтыру мүмкін емес.

Инфекциясы туралы білмей, басқа адамдарға жұқтыруға болады.

Қазір АИТВ инфекциясының вирусын жойтын ешқандай дәрі

жоқ, бірақ ЖИТС-тың дамуын баяулататын дәрі-дәрмектер бар. Жұғудың алдын алатын вакцина да жоқ.

Ауруды жұқтырған немесе жұқтырмағанын білу үшін әуелі қанды арнайы лабораторияда тексеруден өткізу қажет. Ауру жұқтырған адамдардың қанында АИТВ-ға қарсы денелердің (антидене) табылғаны білінеді. Антиденелер – бұл қанға вирус түскеннен кейін жауап ретінде пайда болатын белоктар. Ауруды дерт кезінде анықтап, тиісінше ем қолданатын болса, ағзадағы дерттің асқынатын тежеуге, сол арқылы адамның қалған өмірін сапалы да, саналы өткізуге мол мүмкіндік бар. Ол үшін мекен-жайы бойынша емханаларға және сыртқа салу құралдарын бірлесіп қолданғанда, ботен адамның қырыну құралдары мен тіс щеткасын қолданса, жүктілік, босану және емізу кезінде анадан балаға жұғу қаупі жоғары болады.

Оны қол алысу, құшақтау, достық сүйісу, түшкіру мен жөтелу кезінде, бір ас ыдысын, орамал-төсек құралдарын пайдаланғанда, бір душ пен дәретхананы қолданғанда, бірігіп спортпен шұғылданғанда, бір мөлшеде ауру жұқтырған адамдармен тұрғанда және жәндіктер шаққанда жұқтыру мүмкін емес.

Инфекциясы туралы білмей, басқа адамдарға жұқтыруға болады.

Қазір АИТВ инфекциясының вирусын жойтын ешқандай дәрі

абаз. Көпестел қарсы күреске жеке өз үлесіңізді қосу үшін сізге белгілі бір ресми ұйымның мүшесі болу міндетті емес. Бұл ауру туралы үнемі хабарлау болып, аурудың болдырмау жолдарын сауатты түрде басқа да адамдарға жеткізе білудің өзі жеткілікті.

ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталықтың эпидемиологиялық бөлім меңгерушісі Салтанат Балықбаева АИТВ инфекциясының қауіпті туралы қаншама айтылып жүрсе де, азымай отырғанына алаңдаулы.

– Бұл дертпен жалғыз қалған өмірін сапалы да, саналы өткізуге мол мүмкіндік бар. Ол үшін мекен-жайы бойынша емханаларға немесе облыстық ЖИТС орталығына келіп дәрігер кенесін алуға, ақысыз және құпиялық сақталу негізінде АИТВ тестінен өтуге болады. Салауатты өмір салтын ұстанатын адамдар үшін бұл аурудан сақтануға толық мүмкіндік бар.

Дегенмен, АИТВ/ЖИТС-тың алдын алу мақсатында қаншама бағдарламалар қабылданып, іс-шаралар өткізіліп жатса да нәтижесіз. Себебі, инфекцияның алдын алатын вакцина әлі табылған жоқ. Сондықтан оның алдын алу әр адамның өз қолында. Аты жаман індеттен жастарымызды, болашағымызды қорғауға бар мүмкіндікті жасау қажет. Еліміздегі халықтың кез келген тобының мүшесі алдын алу шаралары жөнінде барынша хабардар болып, қауым болып жұмылған